

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

**«Қазақ әдебиеті» пәнінен
қорытынды аттестаттау спецификациясы**

9-сынып

Нұр-Сұлтан қ., 2019

МАЗМҰНЫ

1	Бағалау мақсаты.....	3
1.1	Оқу бағдарламасымен байланысы.....	3
1.2	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы.....	3
2	Емтихан жұмысының сипаттамасы.....	3
2.1	Бағалау міндеттері.....	4
2.2	Балдардың үлестірілуі.....	5
2.3	Емтиханды өткізу тілі.....	5
4	Емтиханды өткізу үдерісін басқару.....	5
5	Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою процесі.....	5
6	Бағалар сипаттамасы.....	5
7	Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары.....	6

1 Бағалау мақсаты

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін білім алушылардың меңгеру деңгейі Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМББС) сәйкес анықталады.

1.1 Оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жаңартылған білім мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелермен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесі



2 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Емтихан жұмысы	2 сағат
Емтихан жұмысы барлығы 30 балмен бағаланатын екі бөлімнен тұрады: А бөлімі бірнеше таңдауы бар, ал В бөлімі толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтиды.	
А бөлімі Білім алушылар 4 бір және бірнеше таңдауы бар, сондай-ақ сәйкестендіру тапсырмаларын орындайды. Әр дұрыс жауап 1 балмен бағаланады.	
В бөлімі Білім алушылар толық жауапты қажет ететін 4 тапсырма орындайды. 5,6,7-тапсырмаларды орындау үшін білім алушыға көлемі 200-250 сөзден тұратын көркем шығарма үзіндісі беріледі. Тапсырмалар 3-9 балмен бағаланады.	

2.1 Бағалау міндеттері

1-БМ	Білу және түсіну Білім алушы: <ul style="list-style-type: none">• әртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын білуі;• өлең немесе прозалық мәтіндердің фрагменттерін; шығармалардан дәйексөздерді білуі;• шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын, автордың көзқарасын, ашық және астарлы айтылған мағыналарды түсінуі тиіс.
2-БМ	Қолдану және жоғары деңгей дағдылары Білім алушы: <ul style="list-style-type: none">• оқығанына өзінің көзқарасын дәлелмен тұжырымдауы;• әртүрлі жанрда бейнеленген шығармаларды; шығарма композициясының сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін, негізгі эпизодтарын, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын талдауы;• жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімін, білігін және дағдыларын жинақтауы;• оқылған шығарманың идеялық-көркемдік, композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі тұрғысынан көркем мәтінге сыни баға беруі тиіс.

2.2 Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың бөлінуі.

Бөлімдер	Бағалау міндеттері	Балл
А бөлімі	1-БМ	12
В бөлімі	2-БМ	18
Барлығы		30

2.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

3 Емтиханды өткізу үдерісін басқару

Емтихан «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары, сонымен қатар Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу бойынша Нұсқаулыққа сәйкес өткізіледі.

4 Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою үдерісі

Емтихан жұмысы үшін балл қою үдерісі ұсынылған балл қою сызбасы негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың қойылған балдары балдарды бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың проценттік құрамы, %	Баға
0-11	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
12-19	40-64	3 (қанағаттанарлық)
20-25	65-84	4 (жақсы)
26-30	85-100	5 (өте жақсы)

5 Бағалар сипаттамасы

Бағалар сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Тәжірибеде ұсынылған баға білім алушылар жұмысының бағалау міндеттеріне қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты.

Баға	Сипаттама
5	Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді. Өртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын толық біледі. Шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын, автордың көзқарасын, ашық және астарлы айтылған мағыналарды терең түсінеді. Шығарманың сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын толық талдап, өз көзқарасымен дәлелді тұжырымдайды. Шығарманың идеялық-көркемдік, композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі тұрғысынан көркем мәтінге сыни баға береді.
4	Білім алушы пән бойынша жеткілікті білімі мен түсінігін көрсетеді. Өртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын біледі. Шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын түсінеді, алайда автордың көзқарасын, астарлы айтылған мағыналарды анықтауда аздаған қателер жібереді. Шығарманың сюжеттік, тілдік ерекшеліктерін, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын талдап, өз көзқарасымен тұжырымдайды. Шығарманың композициялық, тілдік ресімделуі тұрғысынан көркем мәтінге баға береді.
3	Білім алушы пән бойынша қанағаттанарлық деңгейде білімін көрсетеді.

	Әртүрлі жанрдағы шығармалардың кейбір фрагменттерін біледі. Шығарманың жалпы мазмұнын түсінеді, тақырып пен идеяны, проблеманы анықтауда көп жағдайда қателеседі. Шығарманың сюжетін, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау дағдысы шектеулі, көзқарасын қысқа тұжырымдағанымен, дәлелдері жеткіліксіз.
2	Білім алушының базалық білімі жеткіліксіз.

6 Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары

Әр сұрақ немесе тапсырманың тұсына тік жақшада [] оған ұсынылатын балл көрсетіледі.

Басшылыққа алу үшін балл қою кестесі ұсынылады. Онда әр сұрақ немесе тапсырмаға берілетін балл саны көрсетіледі.

А бөлімі

Төменде берілген бір және бірнеше таңдауы бар сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бұқар жыраудың адам психологиясы мен мінезін ашып көрсетудегі шеберлігі қай шығармадан байқалады?

- A) «Әй, Абылай, Абылай»
- B) «Асқар таудың өлгені»
- C) «Тілек»
- D) «Ай, заман-ай, заман-ай»
- E) «Керей қайда барасың?»

[1]

2. Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіндегі 2 кейіпкерді көрсетіңіз:

- A) Күлпаш
- B) Рәзия
- C) Қасым
- D) Раушан
- E) Әбдірахман
- F) Болат

[2]

3. «Ұлпан» романының сюжетіне сәйкес 3 тұжырымды белгілеңіз (√).

Тұжырымдар	√
1) Есеней Ұлпанға ғашық болып, құда түседі.	
2) Есеней Ұлпанды 4-5 жасында көрген.	
3) Ұлпанның «арзанға түспейтін қыз» деген сөзінің мәнісі – көп мөлшердегі қалыңмал сұратуы еді.	
4) Есеней Ұлпанмен сөйлестіру үшін оның жеңгесіне қолқа салады.	
5) Ұлпан Есенейдің даңқын көтеріп, атақ-абыройын асырған ел анасы атанады.	
6) Ұлпан Есенейдің беделі мен билігін жеке мүддесі үшін пайдаланды.	

7) Торсан Ұлпанға адал қызмет ете білді.	
--	--

[3]

4. Билер мен олардың айтқан сөздерін өзара сәйкестендіріңіз.

Билер	Шешендік сөздері	Сәйкестендіру жауабы	
1.Майқы би Төбейұлы	А) Сөз жетім – ынтаменен тыңдалмаса, Бөз жетім – киіліместен тозған болса, Жер жетім – иесі жоқ қалған болса, Ел жетім – жақсы басшы арман болса.	1___	[1]
2.Мөңке би Тілеуұлы	В) Ақты ақ деп бағалар, О, игі жақсы ағалар! Өзегі талса ел біткен, Өзен бойын жағалар.	2___	[1]
3.Әнет би Кішікұлы	С) Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін, Батыр болсаң, жауға найзаң тисін. Бай болып елге пайдаң тимесе, Батыр болып жауға найзаң тимесе, Елден бөтен үйің күйсін.	3___	[1]
4.Төле би Әлібекұлы	Д) Жанның ұлы Ар мен Хұн Тартқызбас бізге зар мен мұң. Түбір бірге түртпейді, Одан болмас тұл мен құн.	4___	[1]
5.Әйтеке би Байбекұлы	Е) Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт-берекең – атаң қымбат, Аймалайтын – анаң қымбат, Мейірімді апаң қымбат, Туып-өскен ел қымбат, Ұят пенен ар қымбат Өзің сүйген жар қымбат.	5___	[1]
6.Қазыбек би Келдібекұлы	Ғ) Құрамалы-қорғанды үйің болады, Аумалы-төкпелі биің болады, Халыққа бір тиын пайдасы жоқ, Ай сайын бас қосқан жиын болады.	6___	[1]

[6]

В бөлімі

Үзіндіні оқып, сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романынан үзінді

Ауылға жақындай келе Ұлпан шынтақтауды қойып түзеліп отырды. Қараша ауылды көрді.

— Есенеу-ау, мына қараша ауылды сен неғып көрмей жүрсің? Өзіңе ұят қой! — деді.

— Көрмей жүргенім рас. Жеті жылдан бері мен елге анда-санда бір соғып, басқа елдерде, мал ішінде болатынмын. Қысы-жазы солай. Мені өз ауылыма ертіп әкелген де сен!

Ұлпанның жүзі жылынған жоқ, азырақ қана даусы жұмсарды.

— Осы қырық үй малшы-жалшыларыңның қырық жылдан бергі жалақылары сенің мойныңда кете беріпті... обал ғой,— деді.

— Айналайын Ұлпанжан, соны маған ендігәрі айтпайтындай болып, өзің тындыршы. Екеуімізге екі айғырдың үйірі жылқы қалдырсаң болады. Менің ендігі байлығым жалғыз сен! Асырарсың бірдеме қылып... Малды мен бағайын, жұмсауын сен жұмса. Мен малды өсіруден басқа қызығын білген емеспін.

Бұлар ауылға жетіп арбадан түскенде, Ұлпан отауының алдында жиырма шақты әйелдер отыр екен. Ұлпан соларға қарай бұрылды. Әйелдер шуласа сөйлеп бір кідірген кезінде Ұлпан оларға күлімдей қарап:

— Апайлар-ау, Есенеуіде қайсыңның қашаннан бергі аласыларын, барын мен қайдан есептеп шығарайын. Әйтеуір, бәріңнің де аласыларың барына көзім жетіп отыр. Есенеуі өзі сол аласыларыңды түгел бер деді.

— О, мың жасасын!

— Балалы-шағалы болсын!..

— Есенеуі үй басына бір құлынды бие, үй басына екі қозылы қой берерсің деді. Бұдан былай қойшы жаздыгүні жүз қойдан бір қой алып бағады, қыстыгүні екі қой алады... Жылқышы екі жүз жылқыдан бір жылқы алады. Тағысын тағы көре жатармыз. Бүгін кешке қойларыңды алыңдар. Ертең жылқыларыңды алыңдар. Жайлауға көшуге бір-бір түйе берілер,— деді де, Ұлпан орнынан тұрып отауына кірді.

— Мырза келін-ай, сен келдің де көзіміз ашылды ғой!

Жас әйел Ұлпан асқан ақылды адам еді. Өз айтарын әуелі Есенеуіге айтқызып алып, өз байламын әуелі Есенеуіге байлатып алып жүр.

5. Үзіндінің шығарма мазмұнындағы маңызын түсіндіріңіз. Берілген үзіндінің мазмұнына талдау жасап, көтерілген тақырыпқа қатысты көзқарасыңызды білдіріңіз.

[3]

6. Үзіндідегі кейіпкерлер бейнесіне талдау жасаңыз. Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстырып, баға беріңіз.

[3]

7. Автордың тілдік қолданысына талдау жасаңыз. Үзіндідегі көркемдегіш құралдардан мысал келтіріп, автордың қолдану мақсатын түсіндіріңіз.

[3]

8. Ұсынылған тақырып бойынша эссе жазыңыз.

Н. Айтұлының «Бәйтерек» поэмасында жырланған қазақ халқының өткені мен бүгінін салыстыра отырып, құндылығы тұрғысынан талдап, 150-170 сөзден тұратын шағын эссе жазыңыз.

[9]

А бөлімі
Балл қою кестесі

Тапсырма	Жауабы	Балл	Қосымша ақпараттар
1	A	1	
2	C, E	2	
3	1, 2, 5	3	Әр дұрыс жауап үшін 1 балл ұсынылады
4	1 – D 1 – F 2 – A 3 – B 4 – C 5 – E	6	Әр сәйкестікке 1 балдан ұсынылады
Барлығы		12	

В бөлімі
Балл қою кестесі

Тапсырма	Жауап үшін негізге алынатын өлшемдер	Балл	Қосымша ақпараттар
5	үзіндінің шығарманың толық мазмұнындағы маңызын түсіндіреді;	1	Құрастырушы балл қою кестесіне берілген сұрақтардың ықтимал жауаптарын көрсету арқылы өзгеріс енгізе алады
	үзінді мазмұнына талдау жасайды;	1	
	шығарма тақырыбына қатысы көзқарасын білдіреді;	1	
6	кейіпкер бейнесін ашады;	1	
	кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстырады;	1	
	кейіпкерлердің іс-әрекетін баға беріңіз;	1	
7	автордың тілдік қолданысына талдау жасайды	1	3
	үзіндідегі көркемдегіш құралдардан мысал келтіреді;	1	
	автордың қолдану мақсатын түсіндіреді	1	
Барлығы		9	

Тапсырма	Балл	Сипаттама
8	8-9	Тақырыпты өте жақсы ашады. Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығы мен жаңашылдығына, автордың қолданған тілдік құралдары мен тәсілдеріне толық талдау жасайды. Тақырыпты ашу үшін дәйексөздерді, әдеби терминдер мен тәсілдерді тиімді қолдана отырып, өз көзқарасын дәлелді жеткізеді. Стили мен құрылымы қатаң сақталған.
	6-7	Тақырыпты жақсы түсінгендігін көрсетеді. Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығына, автордың қолданған тілдік құралдары мен тәсілдеріне талдау жасайды. Тақырыпты ашу үшін дәйексөздерді, әдеби терминдер мен тәсілдерді қолдана отырып, өз көзқарасын білдіреді. Стили мен құрылымы сақталған.
	4-5	Тақырыпты қанағаттанарлық деңгейде түсінгенін көрсетеді. Шығарманың мазмұнына талдау жасайды. Тақырыпты ашу үшін кейбір әдеби терминдерді қолданады. Көзқарасын білдіруде логикалық бірізділік жоқ, мәтін құрылымы сақтала бермейді.
	2-3	Тақырыпты жеткіліксіз деңгейде түсінгенін көрсетеді. Шығарманың кейбір фрагменттерін білетіндігін көрсетеді.
	0-1	Білім алушының базалық білімі жеткіліксіз.